

Шапырашты  
Қазыбек бек  
ТАУАСАРҰЛЫ



ТҮП-  
ТҰҚЫЙАННАН  
ӨЗІМЕ  
ШЕЙІН

شا پرا شتی  
قاضیبک بگ  
تاوا سر اعلی

تپتو قویاتان اوزما  
شبین



۵ قامنیبک بگ ۱۴  
موزک رَسوم اوتگن

**Шапырашты  
Қазыбек бек  
ТАУАСАРҰЛЫ**



**ТҮП-  
ТҰҚЫЙАННАН  
ӨЗІМЕ  
ШЕЙІН**

2-басылым



Алматы  
“Жалын баспасы”  
2008

ББК 63.2  
Ш 26

**Ш-26 Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы.**  
**Түп-тұқыйаннан өзіме шейін. Шежіре, естелік.**  
Алматы: “Жалын баспасы” ЖШС, 2008. — 1086 бет


ISBN 9965-693-52-8

Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы — XVIII-ғасырда өмір сүрген, артындағы ұрпаққа қара сөзбен, өлеңмен үлкен мұра жазып қалдырған адам. Соның бірі — “Түп-тұқыйаннан өзіме шейін” атты кітәбі. Қазыбек бек — жас кезінен досы Мүйізді Өтеген батырмен бірге Бұқара, Самарқанд, Шам, Бағдат, Ыстамбұл, Рим қалаларында оқып, әдебиет, тарих, астрология, музыка, кескіндеу салаларынан көп білім алған жан. Оған қоса “Ақтабан шұбырынды” кезінде елі үшін ұрыста қалмақ батырларына қарсы қасқайып жекпе-жекке шығып, әйгілі Аңырақай соғысында ұлы жүз қолына бас болып, дұшпанды жер жастандырған батыр да. Әсіресе бұл кітәп — қазақтың жоңғар шапқыншылығынан өз жерін қалай азат еткенін баяндау жөнінен әзірге еш теңдесі жоқ, бірден-бір сол заманның сырын ашатын дара туынды.

Ш  $\frac{0503000000}{00 (05) -08}$  — 2008

ББК 63.2

© Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы., 2008  
© “Жалын баспасы” ЖШС, 2008



## БАСПАДАН

Өзге түгіл өз ұлтының адамдары да ешкімді түп-түгел жақсы көре қоймайды. Бұл қазаққа ғана емес, әлем халқына тән жағдай. Бұл кітәптің тағдыры да қазақтың өз тағдырындай, көрмегені жоқ: біреу сүйсінді, біреу жақтырмады, тағы біреуі жоққа шығарғысы келді, енді біреуі не дер екен деп елдің аузына қарады. Оның бәрі адам табиғатына сай нәрсе. “Ауызбірлік болмады-ау!” – деп, оған қынжылу орынсыз шығар. Ауызбірлік ұры-қарыда да болады. Мақсат, ниет, ұлттық ықылас тоғысып жатса, қазақта да болады. Әзірше әр қазақтың көкейінде өз мақсаты биік болып тұрғандықтан, жалпы қазақтың ортақ мақсатты биік санайтын кезі де келер деп күткен жөн. Ауызбірліктің жоқтығынан асанын айдаһарлардың аузына түсіп кетпесек, ғылыми шындықты ғылымға жетік келешек ұрпақ түбінде бір мойындар деген сенім бар.

Кәзір ғалымдар Хайролла Әбжәлилов пен Талас Омарбеков ұйымдастырған “Алаш” ғылыми орталығы шежірені тарихтын қосымша дереккөзі ретінде қарап, соның негізінде қазақтың ру-тайпаларын ғылым нысаны етіп зерттей бастады. Бұл – қазақ тарихында бұрын болмаған, бірақ болса екен деп күткен бастама. Тарихшы Берекет Кәрібаев: “Кейбіреулер шежіреге сенгісі келмейді, “алдамшы, өтірік” деп. Мұны архивтік құжаттармен, қазіргі ұрпақтарының шежіресімен, ресми орыс материалдарымен салыстырған кезде, 97–98% дұрыс екендігіне көзіңіз жетеді”. – дейді (“Алаш”, N1(10), 2007. 140–бет).

Жалпы, шежіре жазған адам: “Менің ата-бабам шетінен түкке тұрғысыздар болыпты”, – дей қоймайды. Онысы шындыққа да келе бермейді. Ал бірақ іліп аларын айтып кетпей тағы тұра алмайды. Сондықтан бір атаның шежіресін екінші бір атаның баласы балағаттап жатса, оны қазақ білімділікке, тектілікке жатқыза қоймаған. Әйткенмен бұл кітәптің шежіресіне де, естелігіне де шокпар ала жүгіргендер болды, бола да беретін шығар.

Бұл күнде қазақтың бүкіл ру-тайпасы түгелдей өз шежіресін жариялап бітті. Алайда солардың ішінде ең әріден қозғап, сақ. күн, үйсін дәуірінен. Арыс бабамыздан бастап, беріге дейінгі дәуірлі жүйелеп, жан-жақты таратып, қазақтың алты арысын да бір-бірімен байланыстыра жазған шежіре Қазыбек бектікі ғана. Сондықтан оның дерегі тарихымызға әлі талай тың дерек қосатынына сенімдіміз. Бір мысал: “Кіші жүз шекті батырлары Қабак ұрпақтары Байрақ, Қайрақ, Тайлақ — үшеуі осы Далатаудағы соғыста үш

ұрулы елдің ұрысын жүргізді”, – дейді Қазыбек бек (1993. 260-261 – бет). Тарихшы Е.Ө.Шірімбетованың “Қыз Жібек” – XVII-ғасырдағы қазақ-қалмақ соғысының көркемделген тарихы” деген мақаласында: “Бекжан да әскер басы сардар болған және Шекті, оның ішінде Бөлектен тараған Қабақ руынан. Әйелі – башқұрт халқының естек жұртындағы Құрамыс байдың қызы. Аты – Салиха. Одан Байрақ, Қайрақ, Тайлақ және Нүргүл есімді қыз туған. Байрақ пен Қайрақ – ірі батыр, Тайлақ үздік мерген болған екен”, – дейді (“Алаш”, N4 (7), 2006. 87–бет). Бұған түсінік беріп жатудың өзі артық.

Бұл кітәптің бірінші басылымы жарық көрген кезде біз тәуелсіз ел, тәуелсіз тарих дегеннің дәмін жаңа-жаңа ғана татып жатқамыз. Айта алмай келгеніміз де, айтқызбай келгеніміз де көп болатын. Сондықтан да шығар, “Ойбай, батырдың бәрі Шапыраштыдан шыққан екен ғой!” – деп кекетіп-мұқатушылар да болды. Бұрын ешкімі айтылмай, ешбірін айтқызбай келген жерде бірден қаулаған батырдың аты қаптап шыға келгенде, алдынан қалың қалмақтың қолы шыға келгендей көрген бауырларымызды, бәлкім, бір жағынан түсінуге де болар. Екінші жағынан шапырашты деген ел-жұрттың қалмақ емес екенін де ескеріп қойған артық болмас еді. Мұны дұрыстап түсіну үшін, ашуланбай-бұрқанбай, мұздай темір құрсанбай, қазақ әскерінің құрылымына бір ой жүгіртіп көрейікші. Әскердің ең төменгі басшысы онбасы саналған, оның қарамағында он жауынгері болған. Ал онбасыға кім сайланған? Әрине, сол он жауынгер сыйлайтын, сөзін тыңдайтын, азды-көпті ерлігімен, ақылымен аты шыққан адам сайланған. Ал сол онбасыны сол кездегі де, бүгінгі де ұрпағы батыр бабам десе, ол өтірік бола ма? Одан кейінгі – жүзбасы. Ол да, сөз жоқ, онбасыдан гөрі батырлау, беделділеу болған. Оны батыр болмады деуге тіпті аузың бармайды. Сонда әр жүзбасының қоластында он батыр, әр мыңбасыда жүз, ал бір түменде мың батыр бар болып шықпай ма? Қазыбек бектің басқадан артықшылығы мен жазығы сол ғана – соның бәрін кезінде қағазға түсіріп жазып, әрбірінің қай жерде қай ерлігіне бола аты шыққанын мұқыйат шежірелеп кеткені. Оның одан басқа сыйқыры да, құпыйасы да жоқ. Өкінішке қарай, ондай шежірені Қазыбек бек құсап басқалар да жазып кеткен болса, басқа тайпалар да өз батырларын біліп, қарық болар еді, амал не. Дәп осылай деп осы кітәп жайында Қазақстанның Халық жазушысы Ғафу Қайырбеков ағамыз кезінде айтып та кеткен болатын. Бір қазақтың беделін екінші қазақ қызғанғандай, “Боралдайды Бөлек батыр өлтірсе, Қаскеленді де, Шамалханды да Наурызбайдың бір өзі жайратып салады”, – деген кекесінді, жалпы қазақ ретінде немесе адам ретінде қалай түсінуге болады? Сонда немене, Наурызбайдың өзі жайрап қалғаны керек пе бізге? Аңырақай шайқасында қалмақ батыры Аңғырақты қазақ батыры Бөлектің өлтіргенін белгілі тарихшы Жанұзақ Қасымбаев өлденеше рет жазса, Қаскелең мен Шамалханды кім өлтіргенін Қазақ совет энциклопедиясы баяғы совет заманында-ақ басын ашып берген-ді. Қолға қалам алғанда,

бірдемені жазбас бұрын қазақ дегеннің қара шаңырағына қарап, соны сыйлап жазсақ, жөн болмас па? Бір-бірімізге жауығатындай, жау таппай жүрміз бе? Мұндай іс, біздің түсінігімізше, іріткі салуға жатса жатар, бірақ батырлыққа да, батылдыққа да жатпайды. Кім де болса беделін, білімін, ел алдындағы атағы мен абыройын біреуді бүйтіп жөні жоқ мұқату үшін емес, жөнін келтіріп жақындату үшін жұмсағаны дұрыс деп білеміз. Кітәпте ана батырдың қарасы да көрінбейді, ана жүздің ана батырын кемсітіп кетіпті деген тәріздінің бәрін бір-біріне айдап сап, қазақты қазақпен шағыстырушы ғана әдіс демеске амал жоқ. Себебі естелік деген бәрін қамтитын энциклопедия емес екенін осы күнгі қазақтың бәрі біледі және кәзіргілердің қалай жазып жүргенін де біледі.

Рас, Қабдеш Жұмаділовтің: “Алайда уақыт есебінен жаңылған автор (анығын айтсақ, мұрагер) әлі тұмаған сол балаларды 1729-жылғы Аңырақай соғысында шабындыға ұшыратады”, — деген орынды пікірі де болды (“Қазақ әдебиеті”. 05.11.93). Алайда оның “мұрагер” дегенін бұл кітәпті шығарған баспаға да, кітәпті сақтағандарға да орынсыз таққан кінәсі деп қабылдадық. Дегенмен сол беттегі Қазыбек бектің: “Сұңқар ұзақ уақыт құрсақтанбай қалды да, арада қырық жыл өткен соң барып елуден кейін ғана үш ұл болды”, — дегені де, тоқал алған кезін “Бұл кезде мен қырыққа келген кезім болатын”, — дегені де, шынында, қате. Әйткенмен оның көшірушілерден кеткен қате екені сол және келесі беттегі мына сөздерден беп-белгілі болып тұр: “Қозыбай шешесінен (Өлеңнен — Баспагер) бес жасында қалды”, — дейді 122-бетте. “Сұңқар бір кезде ойбайды салып маған жүгірді. Ойбайлаған жерге барсам, жеті әйел, он тоғыз бала өліп жатыр. Соның ішінен бәйбіше өзінің күндесі Өлеңді де таныпты”, — дейді 123-бетте. Демек, тоқалы Өлең 1729-жылы өлсе, сол жылы кенжесі Қозыбай бес жасында жетім қалса, оның Қошқарбай, Тоқтыбай, Қозыбай деген үш ұлы шешесі Өлең өліп қалған соң тұмайды ғой. Егер түпкі қолжазбада сыйпырлар арапша жазылса, бәлкім, көшірушілер содан жаңылған болар деп шамалауға болады. Бірақ қалай болғанда да, ондай қателік бұл кітәпті Қазыбек бектің “мұрагері” немесе “мұрагерлері” жазды деген жалаға кепілдік бере алмайды ғой. Өйтіп дәлелсіз, дәнеңесіз жаптым жала, жақтым күйе деп беталбатты айыптау, кекету-мұқату әркімнің де ар-намысына тиері сөзсіз.

Сондай-ақ Қабекеннің Қарақоңыз деген жердің аты дүңгендердің егіс басында қара қоңызша қаптап жүргеніне бола бертінде қойылған ат дегені де ғылыми дәлелге жатпайды. Өйткені бұрынғы ҚСЭ де, кәзіргі Ұлттық энциклопедия да Қарақоңызды “Шу алабындағы өзен”, “Қарақоңыз шатқалы” деп және онда 6-8-ғасырға жататын Қарақоңыз бекінісі бар екенін де жазған-ды (Алматы, 2003. 584-бет).

Қабекеннің бұрын қазақта “бек” атағы болмаған дегенін де ғылыми тұжырым дей алмаймыз. Әншейін ашумен артық кетіп қалған сөз болу керек. Қазыбектің Наурызбайды алғаш көруі жайында: “Сол бір сәтте Наурызбай асауға жолбарысша атылды”, — дегенін айта



келіп, ал Наурызбай “..бұл кезде тумаған, туса да жасқа толмаған сәби емес пе?” — деп кінәлейді. Алайда кітәпте: “Мен жасымнан сәнқой болып өскендіктен, ара-тұра Еуропа киімін киіп қоятынмын. Міне, сондай бір кезде сол ауылға барып қымыз ішіп, далаға шығып желі басына бардық”, — деп, ол оқиғаның өзі ел аралап қайтқанынан кейінгі бір уақытта болғанын анықтап-ақ жазған. Өйтіп тырнақ астынан кір іздей беру де келісті нәрсе емес деп түсінеміз.

“Егер қазаққа қарсы бірдеме ойлар болса, маған Төленің де, Қазыбектің де керегі жоқ. Біз Өтен екеуміздің өлгенше қазақ елінің намысын жыртамыз деген қара қой сойып, қолымызды қанға матырған уағдамыз бар”, — дейді Қазыбек бек (“Түп-түқианнан өзіме шейін”. Алматы, 1993.133—бет). “Егер мен соғысқа араласпай, бәріне көзді жұмып қарар болсам, бір бұрышқа кіріп алып кітабымды жазып жатар болсам, онда нақ осындай халде болмас едім. Бірақ онда елінді, жерінді жау шауып жатқанда, үңгірге кіріп алып көзінді жұмып жатсаң, сен де бір, көртышқан да бір болмас па еді?” — дейтіні тағы бар (сонда, 151—бет). Кітәбінің тағы бір жерінде: “Қарашоқылық бабам ғәділетті, ғәділетсіз соғыс туралы өте құнды пікірлер айтқан еді... Ұрыста бірінші мақсат өз адамдарыңды сақтау болуы керек. Ол сенің бүгінгі ұрысыңның ғана емес, келесі ұрыстарыңның да тағдыры болады... Ең дұрысы күштен гөрі айла-тәсіл соғыста көп жеңіске ие болады. Мен қашанда қалмақтар, ойраттар өзінің ғәділетсіз соғысында ғұмыр сүрмеуге тиіс деп есептедім. Мен осыған Наурызбайға қараған он бес мың адамды үнемі сендіріп отырдым. Мен олардың үнемі жігерін жаныдым, оны маған Әл-Фараби — Отырар шалы үйретті, сол бабамның аруағына сыйына соғыс салдым. Ақыры біз жеңдік, қалмақ дүниеден құрып кетті”, — депті (сонда, 151,152-бет).

Мұндай пікірді XVIII — ғасырдың қазағы айтуы мүмкін емес дейді кәзіргі оқыған қазақтың кейбірі. Осыны сезгендей, Қазыбек бек былай да депті: “Әрине, Әл-Фараби — данышпан адам, данышпандықты табиғатта құдай екінің біріне сыйлай бермеген. Бірақ ілкім уақытта ғұмыр сүрген адамнан кейінгі ілгері жылжыған адамдар артық болуы керек қой. Ал іс жүзінде олай болмай, біз жеті жүз жыл бұрын өткен бабаның білгенін біле алмай сорлы болып отырмыз ғой” (сонда, 150—бет). Намысына тиетін-ақ сөз, алайда мойындамасқа амалың да жоқ.

Айтқың келмейді, айтпайын десең, ақылына сыймайды, Қазыбек бектің кітәбін күстәнәләу үшін, 1643— жылы Орбұлақ шайқасы өткен ордың ізі екі шақырымнан астам жерде әлі сайрап жатса да, “Ол жерге мен де барғанмын, бірақ ондай ор жоқ”, — деп көзін жұмған да ғажап адам болды. Бүкіл Жетісу елі ежелден естіп келе жатқан, талай тарихи кітәпте де жазылған, “Қалмақтың Қаскелен батыры мен Шамал ханын жекпе-жекте Шапырашты Наурызбай батыр өлтірген” — деген шындықты көзімізді бақырайтып қойып бұрмалап, “Қаскеленді жекпе-жекте Қаракерей Қабанбай батыр өлтірген”, — деп жазғаны одан да ғажап болды. Қабанбайдың беделін

асыру үшін бе әлде түсіру үшін бе, неге өйтті? Осыдан кейін ХХІ-ғасырда да әлі ХVІІІ-ғасырдағы қазақтың өресінен төмен екеміз-ау деп еріксіз шошисың. Өйтуіміз, әрине, өз тарихымызды өзімізге оқытпай, білгізбей келген бодандықтың да кесірі шығар, бірақ бір-бірімізді тыңдағымыз келмейтін алауыздық пен өркөкіректіктің де жемісі-ау демеске ылаж жоқ. Біреулер бұл кітәп біздің бабамызды айтпай кетіпті деп іренжісе, біреулер аталарымыздың абыройын төгіп кетіпті деп кіжінеді. “Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар”, — деп Абай айтқандай, жаныңа ең бататыны — әлгілердің мен өзім өтірік жазып жүргенде, өзгелер неге өтірік жазбайды дейсің деп қателесетіні. Одан жаманы — не көргеніңе, не дәлеліңе тоқтамайтыны. Сондықтан бүкіл ғылыми дәлелің мен пікіріңді кәзіргілерге емес, тек болашақ үшін айтуға тура келеді.

Соңғы кезде қазақтың алауыздығын, арызқойлығын мысал етіп, кезінде І.Есенберлинге Лениндік сыйлық бергізбей қойған арызқой қазақтардың өзі екенін айтып айыптаушылар бар. “Кітәбін біз жазысқамыз, үстінен қарап, сөзін түзеп бергеміз”, — деушілер әр жер-әр жерде күмпілдеп жүрсе, ол сөз кәмесиенің де құлағына тисе, “Оу, біреулер жазысқан кітәпке де сыйлық береміз бе?” — дегенде, кәмесие не дейді? Біздің қазақ өзі бүлдіріп алады да, артынан өзі өзгеден бұрын ойбайлайды. Өз пайдасы үшін немесе біреуден кек қайтару үшін қандай өтірікті де айта беретін адамдардың арамызда бар екенін өмір өзі күн сайын көрсетіп келе жатқан жоқ па? Өкінішке қарай, соларға бас шұлғыйтындар талай шындықты айламен, жаламен, беделімен шыңғырта түншықтыруда. Бірақ ерте ме, кеш пе, біздің халыққа да ата-баба шындығы қажет болары даусыз.

Мәселен: “Тәуекел елші емес, жансыз болатын. Оның өзінің аты-жөні Мәмет Мамаш еді... Ол қазақ жерінде жасаған арамдығына жандарал шенін алды”, — дегенді Қазыбек бек не үшін өтірік жазады? (Сонда, 132—бет). Сондай-ақ мына пікірлерді де жоққа шығару үшін, беталбатты байбаламдаған өсек-аяң мен жала емес, әуелі ғылыми дәлел мен дерек қажет емес пе:

“Румидің ұрпағы Хафиз әпендені мұндағылар ұнатпайды. Оның білімі-ілімі бәрінен артық та, бірақ канун оның тәртібінде жоқ ұстаз. Ол ішімдікке беріліңкіреген, үнемі көздері қызарып, шарап іздеп жүретін кісі”, — депті 139—бетте. Бұған не деуге болады? “Ойбай, әлем құрметтеген Хафиз ақынды әлдебір надан қазақ көрдім деп, көргенімен қоймай, ғайбаттап жазыпты”, — деп, Иран елшілігіне арыз айтып баруымыз керек пе?

“Біз барғанда парсы елін сұлтан Хұсайын Сәфәуи билейтін... Әсфәһан — әдемі шаһар. Зейендеруд деген өзеннің үстіне салынған... Теһран — шағын шаһар. Мұнда бізді таңдандырған нәрсе — салынған сарайлар, тұрғызылған мұнаралардың Бұқара, Самарқанттағыға ұқсастығы”, — дейді (сонда, 144-бет). Білімі жеткен адамға олай емес екенін не солай екенін оп-оңай тексере салатын нәрсе емес пе бұл? “Өтірік”, — деп өсек айтқанша, тексер де,

дәлелде. “Қаршадай қазақтың баласы Бұқараны, Еуропаны, Ресейді қалай аралайды? Мүмкін емес”, — дегеннің астарында “Қазақтың қолынан ондай келмейді” — деген қомсыну жатқан жоқ па?

“Заманында Бағдатты билеген біздің бабамыз Жалайыр Сұлтанамет те осы кітапханаға келген болар” (сонда, 147-бет). Тарих мұны растай ма, жоқ па, білімнің жетсе, мұны да зертте, дәлелде, “Ойбай, өзінің ұлы жүзін мадақтап жатыр”, — деп байбаламдап, бұған руды, тайпаны араластырудың не қажеті бар? Ғылымның мәдениетін жан-жақты меңгерген ХХІ-ғасырдың жазушысы емеспіз бе? Оның үстіне, жалайырдың да, арғын-найманның да ертедегі аталары бүгінгі қазақтың бәріне де баба болмас па?

“Сарайда Рембрандт деген суретшінің көп суреті бар. Соның бірі — қотарылған бүркіттің баланы алып бара жатқан суреті... Шынында, ол жақсы салынған сурет... Бірақ Рембрандт қанша данышпан болса да көргені бүркіт емес, кәдімгі күзғын қара қарға мен дүкі ала қарға болуы керек... Ал мына суретті көрген кез келген қазақ бұл суретке күлер еді. Өйткені бүркіт жемтігін тұмсығымен алатын қарға емес, ол қашанда аяғымен бүріп алып кетеді” (сонда, 176-бет).

Бұған да енді: “Ойбай, әлемге әйгілі Рембрандты сынапты”, — деп іренжуіміз қажет пе? Әлде Рембрандтың сондай суреті бар-жоғын зерттегеніміз оңды ма? Мұның қайсысы надандыққа, қайсысы ғалымдыққа жататын қылық?

“Ұлытау төңірегіндегі найман биі Тоғанак деген кісі үйінде екі күн ұстап: “Қазаққа осындай сәләхиятты, мол мағрифатты тақуа адамдар керек, бір тал шашын түсірмей Жетісуға жеткізіндер!” — деген сөзді тұңғыш есіттік, оқығанды бағалаған біздің жұрттың адамын алғаш осылай кездестірдік”, — депті Қазыбек бек ХVІІІ-ғасырда. Енді сол сөзді ХХІ-ғасырда қайтып аламыз ба?

“Баянжүрек атақты Шыңғыс хан — Темірдің бабасы Діннің екі баласы Баян, Жүректің атынан қалған”, — дейді (сонда, 188-бет). Меніңше, бұған да сойыл көтеріп қарсы шығудың қажеті жоқ. Тарих ақырын аяндап, бірте-бірте осының рас екенін мойындап келе жатқан жоқ па? Өтірік кітәп жазғысы келген адамға тарихтың мұндай даулы жеріне қалам тартып несі бар, басқасы да жетіп жатқан жоқ па?

“Кейін біле келсек, көп түріктер-ақ өздерінің түбі біздің даламыздан екенін біледі екен. Хижраның 600-жылдары шамасында қаңлының Қайы тайпасының Есенбұға биі елу мың үйді көшіріп Қара теңіздің түстігіне кетті. Кейін Есенбұға тұқымы ел басқарды. Міне, қазіргі түрік елі ішінде сол елу мың үйдің ұрпағы да бар болар”, — дейді (сонда, 160-бет). Мұны Қазыбек бек не үшін өтірік жазуы мүмкін? Мұндайды ойдан шығару, жалпы, мүмкін бе? Оның солай екенін кешегі Шөкәрім қажы да, бүгінгі Мұрат Аджи де жазып отырған жоқ па?

“Қарасай мен Ағынтай батырдың арадан қыл өтпес достығы, жан

алып, жан беріп жатқанда да айырылмауы, біріне бірі сақшы болып жүруі ұрыста басы домалап қалмай, екеуінің де саламат болып, кейін өз ажалынан өлуіне себепші болды” (сонда, 206—бет). Қарасай мен Ағынтайдың Арқадағы Айыртауда бір қорымда жатқанын екі бабамыздың бүгінгі ұрпақтары білмей ме? Білмесе, Қызылжар қаласында Қарасай мен Ағынтайдың ескерткіші неғып тұр?

“Сол кездері 1047-жылы (1629—Б.Н.) Қарасай кіші жүз жетіру тама Тұғынай мен найман-матай Кеден бимен бірге Ересейге елшілікке барып қайтты”, — дейді (сонда, 208—бет). Қазақтың елшілікке бара алатынына және барғанда, кіші, орта, ұлы жүзден бір-бір адамнан барғанына, сол үш қазақтың сол кезде де қазақ қамын ойлай алғанына сенеміз бе, сенбейміз бе?

Сайрам шаһарын қалмақтардың қалай қыйратқанын Матай би шежіресінде былай суреттепті: “Қаладағы адамның бәрін күздің күні желтоқсанда қалмақтар қу далаға айдап шықты. Онда адам қалмады. Күн қызарып батып бара жатқан шақта Сайрамға отызқырық жерден от қойылды... Әртүрлі өртенген дәннің, үйлердің қорасында байлаулы қалған малдың тірідей күйген қоңырсы ійісі бүкіл даланы алып кетті... Қалмақтың Айуке деген ханы қатты қаныпезерлік жасады... Осы кескілескен ұрыста Тәукенің ұлы Сұлтан тұтқын болды” (сонда, 209-бет).

“Келесі жылы (1710-Б.Н.) Жетісуға Тәуке хан келді, ол біздің жайлауларда жаз бойы болды... Оған бес үй тігілді... Алғаш мен Жетісудың барлық билерімен бірге Дулат Жаныс Бұркыл би, Шапырашты Тауасар, Жарылғап би, Ысты Нұрмамбет би, Жалайыр Жолбарыс би сыйақтылармен бірге сәлем беруге келгенмін. Мені ханға кіргізбеді” (сонда, 212—бет). “Ол отырған жер бүгінге дейін Тәуке сайы атанып қала берді. Асыға Төле би де көшіп кетті” (213).

“Аға, мен Меңлімін, — деді. Сөйтсем, Доржының екінші әйелі найман қызы болатын, сол екен. — Қалмақтар сіздерге көктемде соғыс салады. Маған Доржы мақтанып айтты”... “Меңлі! — дедім мен. — Иә, аға, мен. Мен қашып келдім. Қалмаққа сыймадым” (216). Әрине, қазақ қызының қолынан ол кезде де, бұл кезде де мұндай ерлік келмейді деп ойлаймыз ғой біз.

“Осыны білген қазақтар 1104-жылқы жылы (1726— Б.Н.) Асының түстік шығысында, кейін Ордабасы атанып кеткен жерде, кеңес құрды... Бұған себепші болған үш басты жыландай үш жаққа қараған хандар да емес, сол кездері ұлық хан саналатын Болат та емес, қазақтың үш данышпаны Үйсін Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүз Әйтеке би еді” (230—бет). Өкінішке қарай, Әйтеке би бұл кезде өліп қалған деушілер соңғы кезде дәуірлеп барады. Бізде өйтіп көргенді көттеген жеңе береді ғой. Қашан шынайы тарихшы туғанша, біздің тарих әлі талай талапайға түсер-ау!

“Шідерті, Шілік бойында екі жүз адаммен аңда жүрген Абылайды тұтқын қылды... Абылаймен бірге Барақ сұлтанды, Қоқ батырды қолға түсірді” (309).

“Аман-саламнан кейін Қазыбек аға ұзын сақалын сыйпап қойып,

айыр қалпағын жерге қойды да, маңдайын сүртті. Ішінде жиі сырыған қызыл масаты тақыйасы бар екен, сонысымен отырып сөз бастады” (321). Қазыбек бидің қызыл тақыйа кигенін қай тарихшы жазып еді? Әлде оның қандай тақыйа кигені кімге қажет дейміз бе? Бәлкім, солай да шығар, бірақ жүзбе-жүз көрмеген адам қызыл тақыйа екенін қайдан біледі?

“Мен жасы үлкен ағаның нешбірінің алдынан қыйа өтіп көрмеген адаммын. Сондықтан Төле биді де, Қазыбек биді де, Қабанбайды да, Бөгенбайды да сыйлап өттім”, – депті (334). Ол аздай, Қабанбайдың зайыбы Гауһар ханымның қолынан дәм татқанын айтады. Қожабергенді, Үмбетейді, Бұқарды, Ақтанбердіні, тағы-тағылардың бәрін көрген мұндай қазақтың тарихта болуы және оның сол көргенін жазып кетуі мүмкін емес пе? Әрине, кейбіреудің ойынша, ондай қылық бізге емес, әжептәуір мәдениеті бар елге тән.

“Қырғызбен болған ұрыста бір ақ атан қолға түсті... Міне, Қабанбай мен Дәулетбай ... ақ атанға таласты... Нелер майданда ғқмырын бірге өткізген, бірі десе, екіншісі жан беретін достас-ағайындардың мұнысы “алтын көрсе, періште жолдан таяр” дегенге сайды... Сонымен ақ атан екеуінің өлгенде де көріспеуіне себеп болды... Ақыры Дәулетбай қылығына ыза болған Қабанбай елінен көшіп Сарыбелге кетті де, сонда бір жылдан кейін көз жұмды... Сүйегі Арқада, Сарыбелде қалды”, – дейді (385–бет). Қырық жыл бойы өмірінің көбін ат үстінде өткізіп елін қорғаған Қабанбайға ата тегін тергеп балағаттаған Дәулетбай өз күнәсін өзі көтереді, бірақ ол үшін көрген-білгенін жазған Қазыбекті бүгін біз неге кінәлеп, мұны “Қабанбайды кемсіту үшін жазды”, – деп түсінуге тиіспіз? Ол Дәулетбайдан, оның әкесі Жұмықтан тараған ұрпақты масқаралайын деп жазып отырған жоқ, болған оқиғаны болған күйінде, Қабанбайдай дара тұлғаны даралай алмаған Дәулетбай деген бір адамның ғана білімсіздігін жазып отырған жоқ па?

Мұндай-мұндай ғылыми дәлел мен зерттеуден кейін ғана пікір айтуға ылайық әңгіме бұл кітәпте ұшан-теңіз. Қысқасы, бұл кітәпте қазақтың бір үлкен рухани қазынасы, ал қазақтың рухани қазынасын өзін нағыз қазақ санайтын саналы, білімді, мәдениетті ұрпақ қорғауы керек пе, қорғамауы керек пе? Ал олар қорғамаса, онда оны кім қорғайды? Онда шежіре, естелік, тарих жазып, оны оқып не керегі бар?

“Ілім инемен құдық қазғандай” деп біздің жұртымыз абзал айтқан, дәл айтқан, – дейді Қазыбек бек. – ...Бір кітаптан бір нәрсе оқып білген болсаң, оның кілті, шешуі екінші бір кітапта, одан тағы да солай туындап көбейе береді, одан оқып құныға бересің”. Қазыбек бектің мына кітәбін де дәл солай, басқа тарихи кітәптермен салыстыра, салғастыра оқығанда ғана көп нәрсеге көзің жетеді, көп ой туындап, құныға бересің. Ал өйтпесең, түк те түсінбейсің, себебі тарихтан бірдеме білмейтін адамға бұл кітәп есік-терезесі жоқ түнекке түсіп кеткенмен бірдей.

Бұл кітәп алғаш “Жалын” баспасынан 1993— жылы жарық көрді. Кітәпті сақтап, баспаға тапсырған Балғабек Қыдырбекұлы ағамыздың айтуына қарағанда, бұған дейін бұл қолжазбаны 1852-жылы Дәурен сал Құдабайұлы Қазыбек бек немересі, 1934-жылы Әміржан Ноғайбекұлы Қабақ шөбересі, 1944-жылы башқұрт Халметов, 1971-жылы Жұматай Түбісов көшірген. Түбісовке оқытып отырып, кәзіргі тілге аударып шыққан — Балғабек Қыдырбекұлы Қазыбек бек шөбелегі. Ал алдымыздағы кітәпті қолжазбадағы қаз-қалпын сақтап сөзбе-сөз қотарып шыққан —көне жазуларды оқудың белгілі маманы Мақсұт Шафиғи ағамыз. Кітәптің алғашқы бетінде беріліп отырған Қазыбек бектің суретін о баста салған — мүйізді Өтеген батыр Өтеғұлұлы, тозып бара жатқан суретті 1918-жылы жаңалаған— Ставровский Михайл, ал осы кітәпке көркемдеп салған — Нағым Нұрмұхамбетов.

“Сонымен, 1944— жылдың күзінде Мүтпай жырасы деген жерге апарып көміп тастадым. Содан 1971-жылы мамыр айында сол жыраның жанына үй тіккізіп, сонда бір ай жатқанда кітәпті ашып алып, ауылда ескіше оқыған Жұматай Түбісов деген кісі болатын, соған айтқызып, бәрін жазып алдым”, — дейді Б.Қыдырбекұлы (сонда, 21-бет).

Арапша жазылған бір парақ қағазды үйінде сақтағаны үшін халық жауы атанып жатқан заманда, Балғабек ағаның қолжазбаны олай сақтамасқа амалы болмағанын біз түсінеміз. Дегенмен Бәкең мұны айтқаннан бері де арада он бес жыл өтті. Жетпіс бірінші жылы о кісі “Сәтсиәлістік Қазақстан” гәзетінде істеді, ауданның, ауылдың басшылары о кезде айтқанын екі ете қоймаса керек. Алайда осы уақытқа дейін ешкімнің: “О, о кісіге сонда үй тігіп берген біз едік”, — деп бір кісінің куәлік бермегеніне іштей қынжылушы ек. Жақында (26.01.08) Балғабек ағаның қызы Шәһинұрдың жылында отырғанда, сол жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Кәмитетінде жауапты қызмет атқарған Алмабек Нұрышев деген азамат Бәкеңнің сол жылдары айдалаға үй тіктіргенін, демалуға соншалық таңдаулы жер болмағасын, оған өздерінің түсінбей, “Мына кісінің мұнысы несі?” — деп таңданғандарын айтып бергенде барып, бір шындықтың ұшығын тапқанымызға үн дегендей болдық. Өтірік пен жала әр жер-әр жерден айқай сап жатқанда, шындық шіркінді дер кезінде қорғап әр тұстан шырылдап жатқанымызды да ұлттық мақсат деп ұғамыз.

Қазыбек бектің: “Бірақ осы шығыс елінде оқу іздеп сарсылып жүргенде көзім анық жеткен бір жағдай: менен ешқандай терең ғұлама шықпайтынын білдім. Бәлкім, тауарих, әдебиет төңірегінде жұлдызым жанар, әлкимия, алгебра, тағы басқа жаратылысқа, қыйлы мағрифатқа менің икемсіздігімді аңғардым”, — дегенін оқыған адам қашанда өзінің білімнен, ғылымнан кішік екенін еріксіз еске түсіруге тиіс. Сонда ғана, сірә, “Мен білмегенді бәрі білмейді” — деген менмендіктен аулақ боламыз.

Бұл кітәптегі ұлы жүздің, оның ішінде шапырашты тайпасының

шежіресі Қазыбек бектің атасы Матай биден қалған Ата шежіре негізінде жазылған. Ежелгі атақонысы болғандықтан, Іленің оң қанатындағы Матай тауы сол кісінің атымен аталып қалған. Ал Күренбел жақтағы Шанқанай деген жер Қазыбек бектің әпкесінің атымен аталған. Солай болған нәрсені солай жазғаны үшін де Қазыбек жазықты бола ма? Әлде: “Ойбай, бұлай жазғанымыз бәленшекеңнің тайпалық, рулық намысына тиеді екен”, — деп, енді бұдан былай ежелден естіп келе жатқан ата-бабамыздың тарихын, шапыраштының шежіресін бәленшекеңнің намысын қоздырмайтындай қылып қайта жазғызамыз ба әлде со кісінің өзіне жаздырамыз ба? Тарихты сыйлаудың да, біреуге қыймаудың да, қанша дегенмен, өз жөні, өз шеті мен шегі болу керек қой деп ойлаймыз.

1993-жылы жарық көрген “Түп-тұқыйанның” алғашқы елу бетінде кәзір біз қолданбайтын 172 көне сөз бар екен. Қаншама адам қайта көшіріп, түсінікті тілге аударып әуре болса да, бәрібір көне сөздерді көшірушілер кәзіргі тілге түп-түгел көшіре алмапты. Ондағы “ғафил”, “алендік”, “қаршы”, “еру заман”, “мажалдан аулақ”, “кер”, “ман”, “жал қоспадым”, “алғыншылар”, “тәбірлік”, “тебіздік”, “неген”, “нараду”, “кешулер”, “бәһра”, “пайра”, “пыран”, “бауар”, “ағынып”, “бінә”, “үрімі”, “таутан”, “қарқуар”, “кірафыт”, “сырхды”, “оңқал”, “иттифақ”, “арыстау”, “бартал тарту”, “сақын жоқ”, “кеу”, “бөдіс”, “соқак”, “шамығу”, “дүбір”, “аңыт-қабыр”, “зарпы”, “тәкпірлесу”, “жазабы”, “үйректің кежегі”, “ғәләб”, “күбіту”, “ергендек”, “сарымағын ерткен жолбарыс”, “шанжағай”, “қасқырдың ұлпаны”, “лопар”, “ұнымы”, “ұғырық”, “қазану”, “кірті”, “бәнәгіті”, “көдік”, “оя”, “қалған”, “қалман”, “дінмент”, “өтені”, “дымақ”, “көкілташ атағын алған”, “сүмсік”, “артұж ағашы”, “дүкі”, “дәхида”, “шоғылған”, “келесау”, “зәнжір”, “кежуілші”, “шұрқан салу”, “құлжа алма”, “жәдісін табу”, “бұталы берек”, “шегіршін”, “бұқырың жоқ”, “үлкәр жәрік” тәрізді ХХ-ғасырдың қазағы қолданбақ тұрмақ, түсінде де ести алмайтын қыруар сөзді емін-еркін пайдалануы бұл қолжазбаның шын мәнінде көнеден келе жатқанын шексіз әйгілейді.

Қаншама тарихи адамның, хан мен қараның, жан-жануардың, тау-тас пен өзен-көлдің, ауыл-аймақ, соғыс өткен сай-саланың аты аталады! Соншалық мол атауды бір-бірімен шатастырмау, жаңылмау тек өзі көрген, өзі естіген және көргенін көрген жерде, естігенін естіген жерде қағазға қолма-қол түсіріп жүрген адамның ғана қолынан келеді. Оларды өзі көрмеген, қасында болмаған адамның қаншама данышпан болса да есте сақтауы мүмкін емес.

“Ақтабан шұбырынды” кезіндегі тарихи тұлғалар мен батырлардың аты-жөнін, ерліктерін дәл мұндай дәлдікпен жазып суреттеген жазба тарих бізде бұрын-соңды болған емес. Есім хан тұсындағы батырларды және үнемі Абылайдың өз қасында жүретін Байғозы, Баян, Оразымбет, Елшібек, Шынқожа, Жауғаш, Мөлік, Бердіқожа батырларды және Әбілқайыр қолындағыларды

қоспағанда, Наурызбай төңірегiнен табылатын 62 адамды, Бөгенбай маңынан 38, Қабанбайдан 26, ал қалмақтардан 96 адамды атайды, біразының ерлігін нақты баяндап, түрі мен түсі, қылығы мен киім-кешегіне дейін суреттейді. Мұндай тарихты, баға жетпес естелікті өз халқына өзі қыймай арамтер болғандар түбі өзінің қыйанатын тез түсінген сайын бұл кітәптің елге тигізер пайдасы да ертерек тие бастар еді-ау деп қана қынжыласың.

Ойласаң, нені таппайсың демекші, Ұлттық кітәпханаға, тағы басқа біраз ғылыми орталықтарға қолжазбаның көшірмесін таратып, оны баспасөз беттерінде жарыйалағанымызға қарамастан, бұл кітәптің қолжазбасы жоқ, “кітәпті шығарушылардан басқа түпнұсқаны көрген де, ғылыми экспертизден өткізіп анықтаған да ешкім жоқ”, — деушілер кезінде болды.

Тарих ғылымының докторы, профессор Талас Омарбеков бір сұхбатында, дау-дамайды көбейтпес үшін, бұл кітәптің арапша жазбасы мен кәзіргі жазба нұсқасын қатар беру дұрыс болар еді деген пікір айтқан болатын. Мына басылым сол талапқа сай әзірленді.

**Қолжазбаның арапша жазылған нұсқасын кәзіргі жазуға аударуға, аудартуға атсалысқан азаматтарға, сондай-ақ кітәптің басып шығу қаржысын көтерген Алик Серікулы Айдарбаев бауырымызға баспа ұжымы шексіз рыйзашылығын білдіреді.**



*Мақсұт Шафиғи*

## ҚОЛЖАЗБА ЖАЙЫНДА

Мен “Жалын баспасының” тапсыруымен Қазыбек бек Тауасарұлының “Түп-түқианнан өзіме шейін” атты қолжазбасының қадым жазуымен жазылған түпнұсқасын сол қалпында айнытпай кириллицаға түсірдім. Кез келген көне қолжазбаларды жазуына, тіліне, қағазына, тағы да басқа белгілеріне қарап айыруға болады. Осы түрғыдан келгенде, бұл қолжазбаның арғы тегін айтпағанның өзінде, ол 18-ғасырдың жазба мұрасы екеніне күмәндануға болмайды.

Қолжазбаның тілі, автордың айтқанындай, қазақтың көдімгі жалпақ — сөйлеу тілі екен де, жазуы 28 дауыссыз дыбыстан тұратын араптың қадым жазуы екен. Қолжазба түгелдей осы қадым жазу үлгісімен жазылыпты. Алайда арап әріптері қазақ тілінің барлық дыбыс үндерін толық білдіре алмағандықтан, арап тіліндегі дауысты дыбыстарды білдіретін харакат белгілерін, бір дауыссыз дыбыстың қосарланып айтылуын білдіретін тәшдид белгілерін, қазақ тіліндегі жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды айыру үшін хамза белгісін және қазақ тілінің сонор-мұрын дыбыстары ішіндегі “ң” әрпінің орнына “нг” таңбасын қолданған. Сондай-ақ арап тілінде жоқ парсы әліппесіндегі *п, г, ч, дж* әріптерін де пайдаланған. Бұл — шағатай тілінде де қолданылатын әріптер. Сонымен не керек, арап, парсы, шағатай әліппесіндегі қолданылған әріптер мен белгілерді түгел пайдалану арқылы қолжазбаны қазақтың жалпақ (сөйлеу) тілінде жазуға тырысқан екен жазған адам. Соның өзінде де бәрібір қолжазба тілі қазақтың дәл осы күнгі тіліндей емес. Өзгешелеу. Сол себепті қолжазбаны транскрипциялағанда біршама қиыншылықтар кездесті. Әсіресе қазақ тілінің жуан, жіңішке болып айтылатын дауысты дыбыстарын нақты айыру қиын болды, *ә, ө, е, і, и* дыбыстары қолжазбада әртүрлі таңбаланған.

Харакат — арап тілінде әріптердің астына, үстіне қойылып, *а, и, у* болып оқылатын дауысты дыбыс белгілері. Қолжазбада бұл белгілер әр сөздің тек басындағы бірінші әрпіне ғана қойылған. Мысалы: *‘ғлб — ғалаб, ‘бри — бәрі, ‘сри — сері, ‘тк — тек, х,змт — хизмет, х’рмт — хұрмет, ж’р — жүр, ж’з — жүз, т.б.*

Әдетте харакат белгілері түркі тілдес халықтардың шағатайша жазылған қолжазба-шығармаларында қолданылмайды. Бұл М.Қашқаридың шығармасында қолданылған. Себебі ол түркі тілдерінің сөздігі болғандықтан, жеке сөздердің дыбыстарын анық айыру үшін харакат белгісін қолданған. Қазыбек бек М.Қашқаридың еңбегімен жақсы таныстым дегеніне қарағанда, соның өсерімен өз

қолжазбасында осы белгілерді пайдаланған болуы мүмкін. Қолжазбада сөз басында келетін жеке “е” әрпінің орнына арапшада әліп және и әрпі қосылып жазылып “и” болып оқылатын таңба қолданылған. Мысалы: *ил — ел, ир — ер, иді — еді, икен — екен, ит — ет, Иміл — Еміл, игесі — егесі, ишкі — ешкі, т.б.*

Қазақша сөз ортасында келетін жуан дауысты “ы” дыбысының және жіңішке дауысты “е” дыбысының орнына арапша сөз ортасында келетін нүктелі “и” дыбысын қолданған. Мысалы: *сондиқтан, болғандиқтан, аралиғинда, айттим, биреді, т.б.*

Қазақша *і, ій, ый* болып айтылатын жуан, жіңішке дауысты дыбыстардың орнына хамза белгісін қолданған. Бұл — белгі транскрипцияда “и” болып таңбаланады. Мысалы: *та’ифа — тайпа, Жа’ил — Жайыл, Жала’ир — Жалайыр, жи’ирма — жиырма, жаба’иы — жабайы, әдей’и — әдейі, үй’иған — ұйыған, түй’инді — түйінді, т.б.*

Тәшдид белгісі қойылған сөздер көп болғандықтан, оларды қазақша айтылуы бойынша түсірдім. Мысалы, арапша *қати, тәти, кети, жети* болып жазылған сөздердің “т” әрпіне тәшдид қойылса, *қатты, тәтті, кетті, жетті* болып оқылады. Басқа сөздер де сол сияқты болады.

“ң” әрпінің орнына “нг” таңбасын қолданған. Бұл — шағатайшада да кездесетін белгілер. Мысалы: *теренг — терен, донг — дөң, олардинг — олардың, төнгрегинде — төңірегінде, иттінг — еттің, сонан сонг, — сонан соң т.б.*

Кейбір адам аттары қолжазбада әртүрлі жазылыпты. Қадырғали Қосымұлы Жалайридың аты қолжазбаның бас жағында “Хызырғали” деп жазылып, соңғы жағында “Қыдырғали” болып жазылған. Қалман деген адам аты тағы бір жерде “Халман” болып кеткен. “Үйсін” атауы “Иусін” болып жазылған. Ал “шабұғил”, “сиғир”, “уғис” сияқты сөздер көне түркі-оғыз тілінің элементтері болса керек.

*П, г* әріптері қазақ тілінде бар. Ал *ч, дж* — әріптері көне жазбаларда кездеседі. Қолжазбада “ч” әрпі реттік сан есімдер мен кейбір есім сөздерде қолданылыпты. Мысалы: *биринчи, икинчи, тоғузинчи, илчи, хизметчи, басчи, т.б.* “Дж” — әрпі монғол адам аттарында қолданылған. *Дорджы, Манджы, Анджы, Банджур* сондай-ақ *ұдждан, риджан* деген сөздерде қолданылыпты.

Бұл мысалдар қолжазбаның көнелігін дәлелдейді.

Енді қолжазбаның тіліне келсек, оның түпнұсқасымен танысқан адам қолжазба тілінің осы күнгі қазақ әдеби тілінен әлдеқайда өзгешілігі бар, қазақтың бұрынғы сөйлеу сөзіне жақын екенін бірден аңғарады. Болған оқиғаларды ұзақ сонар ғып баяндап жатпайды. Өзі ішінде жүріп көзі көрген оқиғаларды сол қалпында қысқа хабарлап отырады. Әр сөзін “... болса керек-ті, ...болған-дүр” сияқты көне жұрнақ сөздермен аяқтап отырады. Әсіресе бір оқиғаны айтып болып “... Өйткені” деген сөзбен сол оқиғаның себеп-салдарын әрі қарай баяндап береді. Осы тәсіл қолжазбаның бүкіл өн бойында басынан аяғына дейін сақталған. Осының өзі бұл қолжазбаның әуел баста бір адамның қолынан шыққан, сол адамның жазу істілі екенін білдірсе керек. Сонымен қатар қолжазбада қазақтың байырғы, ескі

мақал-мәтелдерін де көп пайдаланған. Бұл мақалдарды осы күнде көп айтылмайтын, ұмыт болған десе де болады. Соның бірнешеуін айта кеткенім артық болмас.

Еттің бәрі қазы емес,  
Иттің бәрі тазы емес. — 34-б.

Ақ бөкенді жатыр деме,  
Көшпелі елді отыр деме.

Жақсылық ағаш басында,  
Жамандық аяқ астында. — 129-б.

Алқатсаң алқат қызыңды,  
Ол атқарар дәм тұзыңды. — 183-б.

Қашқан да құдай дейді,  
Қуған да құдай дейді. — 306-б.

Өлі бураның басынан,  
Тірі атан қорқыпты. — 363-б.

Биің қылаң болса,  
Елің ылаң болады. — 363-б.

Қолжазбада баяндалатын тарихи оқиғалардың уақытын хижре жыл санау есебімен берген. Жыл есептері анық болу үшін, оған қазақтың жыл аттарын қосып отырған. 1013 — ұлу ж., 1021 — қой ж., 1030 — жылқы ж., 1076 — барыс ж., 1095 — тауық ж., т.б. Бұл да қолжазбаның көнелігін және тарихи оқиғалардың дәлдігін білдірсе керек.

Қолжазба 18-ғасырдың соңында (1776 ж.) жазылғанымен, 19-ғасырдың ортасында (1852 ж.) бір рет, 20-ғасырдың басында (1934, 1944) екі рет, барлығы үш рет көшірілген. Біздің қолымызға соңғы көшірмесі (1944) жеткен. Осы көшірушілер де бұрынғы түпнұсқадағы үлгі бойынша көшірген. Әрине, әр кезде әртүрлі адамдар қолынан көшірілгендіктен, көшіру барысында түпнұсқадағы кейбір сөздердің түсіп қалуы немесе жаңа сөздердің қосылуы әбден мүмкін. Бұл соңғы Халметов көшірмесінен де білініп тұр. Жалпы, көне жазбаларда емле тәртібі болмайды. Үтір, нүкте, тырнақша дегендер қойылмайды. “Әлқисса” деп басталады да, “тәмат-тәмам” деп аяқтайды. Ал Халметов көшірмесінде жазу емлесі біршама сақталған, диалог сөздерді тырнақшамен берген. Осы нұсқаны транскрипциялаған кезде, 1993-жылы “Жалын” баспасынан шыққан кітап нұсқасымен де бірдей салыстырып отырдым. Кітап осы күнгі оқырман қауымға арналғандықтан, қолжазбадағы сөздер толығымен қазіргі қазақ әдеби тілінің қалпына түсірілген. Қолжазбада түсіп қалған сөздердің орнына

кітапта сөз қосылған, ішінара кейбір сөз тіркестері мен сөйлемдерді де қосып түзетіп жазған. Бірақ, шынын айту керек, мұндай түзетулер қолжазбаның негізгі мазмұнын өзгертпеген, бұрмаламаған, қайта керісінше кем-кетігін толықтырып жіберген. Кітап қазіргі оқырман қауымға лайықталып дәл, дұрыс аударылған, қайта аударудың қажеті жоқ.

Тағы бір байқағаным, қолжазбаның сыртында “Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұғлы. Түп-түқианнан өзіме шейін” деп қолжазбаның аты жазылыпты. Кітап та осы атпен шыққан. Ал мұқабаның екінші бетінде “Шежіре уа зиндағи наме. Қазибек бек песар Тауасар ба... забан қазақи” деп жазылыпты. Бұл сөз кітапқа түспеген екен.

Мен қолжазбаның шын аты осы сөз бе екен деп қалдым. Себебі бұл сөздің толық мағынасы мынадай болып шығады: “Шежіре және естеліктер. Қазибек бек песар (хатшы) Тауасар баласы. Қазақ тілінде”.

“Түптүқианнан өзіме шейін” қолжазбаның “Ата шәжәрә” деген бірінші тарауының тақырыбы сияқты. Өйткені қолжазба тек қана шежіре емес, көп бөлігі естеліктерден де тұрады ғой. Жоғарыдағы атауды Қазыбек бектің өзі қойды ма әлде көшірушілер тарапынан қойылды ма, ол жағы белгісіз.

10. 04. 2007

*Талас Омарбеков,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

## “ҚАЗЫБЕК БЕК ТАУАСАРҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕГІ – ТАРИХИ ӨМІРБАЯНДЫҚ ШЫҒАРМА”

Өз заманының озық ойлы жиһанкез-оқымыстысы, ақын, қайраткер Қазыбек бек Тауасарұлы жазған тарихи өмірбаяндық шығарма арнайы әңгіме етуді қажет етеді. Шығарманың өзі тарихи өмірбаян болып табылатындықтан және онымен зиялы қауым жақсы таныс болғандықтан, Қазыбек бек Тауасарұлының өмірбаянына тоқталып жатпай, мәселенің тарихи жағына ауысуға рұқсат етіңіздер.

Өздеріңіз білесіздер, бұл кітап қазақ зиялыларының арасында қозғалыс, соны серпін және әртүрлі пікірлер туғызды. Кез келген тың, тосын дүниенің қоғамға көрнекі ықпал ететіні бұрыннан белгілі. Зиялылар арасындағы әртүрлі пікірлердің бастауы Қазыбек бек еңбегінің қолжазбасы туралы екендігі ешкімге күпия емес. Олай болса, әңгімені осы еңбектің қолжазбасы туралы мәселеден бастағанымыз жөн болар.

Бәрінен бұрын мынаны ашып айтқан жөн: Қазыбек бектің өз қолымен жазылған түпнұсқа қолжазбасы біздің қолымызда бүгінде жоқ. Алайда XVIII-ғасырда өмір сүрген Қазыбек бабамыз тұрмақ, XVI-ғасырдың ұлы тарихшысы, дарынды қолбасшы, үлкен ақын Мұхаммед Хайдар Дулатидің бүгінде бүкіл әлем мойындаған кемел шығармасы “Тарих-и Рашидидің” де түпнұсқа қолжазбасы біздің қолымызда жоқ. Бұл еңбектің күні бүгінге дейін біздерге бірнеше көшірмесі белгілі. Олардың ішінде Тәшкент ғалымдары пайдаланған екі Санкт-Петербург, бір Тәшкент көшірме-қолжазбаларын білеміз. (Қараңыз: Урунбаев А. От ответственного редактора. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Алматы: Санат, 1999, 17-беті.)

XIV-ғасырдағы ұлы Дешті-қыпшақтағы көшпелілер өмірінен терең сыр шертетін Өтеміс қажының Шыңғыснамасының күні бүгінге дейін XVIII немесе XIX-ғасыр басындағы көшірілген екі ғана (оның бірі Түркияда) көшірмелері белгілі. Түпнұсқа тағы да жоқ (қараңыз: Б.А.Ахмедов. От ответственного редактора. Утемиш-Хаджи. Чингизнаме, Алма-Ата, 1992, 5–11-б.)

Бәріміз білетін Әбілғазының “Түрік шежіресі” XVII-ғасырда жазылса да, зерттеушілерге оның көшірмесі келесі XVIII-ғасырда белгілі болды. (Әбілғазы. Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991, 3–4-бб). Бұл еңбектің де түпнұсқасы әлі күнге дейін табылған жоқ.

Қазақ елінен шыққан, кемеңгер тарихшы, мемлекет қайраткері XVI-ғасырдың екінші жартысында XVII-ғасырдың басында өмір сүрген Қадырғали Қосымұлы Жалайырдың 1602-жылы өз қолымен жазған түпнұсқа қолжазбасы да бізге жеткен жоқ. Пайдаланып жүргеніміз – бірі Санкт-Петербуркте, екіншісі – Қазанда сақталған

екі көшірме (Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазған Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. Алматы: Қазақстан, 1993, 3-б.)

Осылардың бәрін айтып отырған себебіміз, Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының қолжазбасының, оның өзі жазған түпнұсқасының бүтінде бізге жетпеуіне танданудың қажеті жоқ. Білім негіздерін жаугершілік ахуал таптаған “аттың жалы, түйенің қомында” өмір сүрген бабаларымызды қолжазбалардың түпнұсқаларын бізге жеткізіп бере алмағаны үшін кінәлау орынды бола қояр ма екен? Ғасырлар қойнауынан, небір тар қыспақтардан өтіп, бүгінге көшірме түрінде сарғайып жеткен қолжазбалар көшірмелерімен жұмыс жасағанда, ұлттық тарихымыздың осындай ерекшеліктерін ескергеніміз жөн.

Егер осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Қазыбек бек Тауасарұлы еңбегінің бізге жеткен көшірмелеріне де үрке қарамай, қайта осы көшірмелер келтірген деректерде тарихымыз үшін қандай бағалы және құнды нәрселер бар, сондай-ақ қандай мәселелерде, бәлкім, автордың өзі де немесе оны кейіннен көшірушілер тарихи шындықты дөп баса алмаған? — деген мәселенің айналасында ең алдымен тарихшылар батыл түрде зерттеу жұмыстарын жүргізулері керек деп ойлаймыз. Тарихымыздың деректерге кедей кезендерінен мағлұмат беретін, тіптен түпнұсқадан бұрмаланған көшірме қолжазбаларды зерттеуден үзілді-кесілді бас тарту — туған тарихқа жан ашушылық бола қояр ма екен?

Осы орайда негізгі тақырыбымызға қайта оралар болсақ, кезінде Қазыбек бек Тауасарұлының өз қолымен жазған түпнұсқа қолжазбасы болған деп сеніммен айта аламыз.

Ұлы жүздің шежіресін таратудағы өзіндік ұстаным, белгілі шежірешілер Нұржан Наушабаевты, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхаметжан Тынышбаевты, Мәшһүр Жүсіп Көпеевті және т.б. қайталамай, өзіндік жаңа деректер келтіру — біз әңгімелеп отырған еңбек авторының өз халқының шежіресінен жан-жақты хабардарлығын көрсетеді. Бұл — бір.

Екіншіден, біздің қолымыздағы қолжазба көшірмесінде 100-ге тарта көне шағатай, арап, парсы тілдеріндегі сөздер қайталанып кездесіп отырады. Бүгінгі заманғы қазақ сөздерінде ұшыраса қоймайтын бұл түсініктер бізге түпнұсқадан жеткен деуге негіз бар.

Үшіншіден, Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегінде бұрынғы қазақ даласының көптеген көне жер, елді мекен атаулары ұшырасады. Бүгінгі замандастарымыздың мұншама көп атауларды өз жанынан шығарып айналымға қоса алмасы күмәнсіз. Бұл атаулар, әрине, кезінде түпнұсқада жазылған.

Төртіншіден, еңбектегі тарихи тұлғалар есімдері, жан-кешті ұрыстар болған мерзімдер мен қалмақ жағындағы қайраткерлер, батырлар есімдері, сондай-ақ оларды жүйелі түрде баяндау үлкен энциклопедиялық білімді қажет етеді. Біздің білетініміз мұндай білім Қазыбек бекті бізге көшіріп жеткізгендердің ешқайсысында жоқ. Сондықтан да кезінде:

“Қолымнан келгенінше айттым шынды,  
Қоспадым өтірікті, жады, қынды.  
Әйтеуір кейінгіге нәмунә деп,  
Бітірдім үшбу кітап, демен құнды.

Сөз айттым мезет аз боп тығыз, шұғыл,  
Тауарихын қозғамадым яғма, шығыл.  
Оғрух пен Шахрухты сөз қылғанша,  
Ғұмырын шолған тәуір Мәмбет-Шыбыл.

Айтпадым Оғыз, Тохси тайпаларын,  
Белгілі оған барсам, тайпаларым.  
Дедім де бір сөз болса қазақ қалсын,  
Тауарихын өз жұртымның арқаладым.  
Жілігін түрік біткен шакпағанмен,  
Арыстың алты ұлын барқаладым”, —

деп жазған Қазыбек бек Тауасарұлының түпнұсқа қолжазбасы бүгінгі біздің қолымыздағы “Түп-түқианнан өзіме шейін” кітабына негіз болғанын мойындағанмыз жөн болар еді.

Әрине, тарихымыз талай рет дәлелдегендей, қолжазба көшірмесі түпнұсқасының өзі емес. Қолжазба уақыт салып қайта-қайта көшірілген сайын тарихи шынайылық жағынан да, тілдік ерекшелік жағынан да бұрынғы түпнұсқадан алыстай түседі. Тіптен оны кейде бұрмалап баяндауы да мүмкін. 1776-жылы жазылып, 1852-жылы, онан соң 1934-жылы және 1944-жылы, ең соңында 1971-жылы, яғни барлығы әртүрлі тарихи кезеңде төрт қайтара көшірілген және бүгінде қолымызға “Түп-түқианнан өзіме шейін” деген атпен жеткен еңбектің де осы тұрғыдан алғанда, кейбір өзгерістерге және толықтыруларға ұшырауы әбден мүмкін нәрсе.

Алайда бүгінде біздің қолымызда кәдім әрпімен жазылған Халметов көшірмесі мен кирилицаға түсірілген “Түп-түқианнан өзіме шейін” кітабы түріндегі Жұматай Түбісов деген кісіге оқытып отырып жазып алған Балғабек Қыдырбекұлының көшірмелерінің ғана болуы, түп-нұсқаның жоқтығы, бұрынғы, басқа көшірмелердің сақталмауы зерттеушілерімізді тарихи деректерге мол Қазыбек бек Тауасарұлы еңбегіндегі айтылған мәселелерді тарихи-салыстырмалы әдіспен басқа деректермен салыстыра отырып зерттеуге бағыттайды. Себебі Қазыбек бектің еңбегінің бүгінгі қолымыздағы нұсқасының бұрынғы түпнұсқадан қаншалықты өзгерістерге ұшырағанын бүгінде анықтау, әрине, аса қиын шара. Соңғы көшірмеші марқұм Балғабек Қыдырбекұлы ағамыз баба еңбегіне арнап жазған алғы сөзін мынандай сөздермен аяқтаған екен: “... Мен өзім бұл кітап осындай көлемді деп ойламайтынмын, сөйтсем кәдіммен жазылған ескі жазу (арапша) көзіргімен көп шығады екен...”

Бұл кітапқа мен қол тигізген жоқпын, өндемедім де, оқушыға қалпымен жетсін деп ойладымын...” (қараңыз: “Түп-түқианнан өзіме шейін”, 22-б.)

Алайда қолжазбаның Балғабек Қыдырбекұлынан бұрын да

бірнеше рет көшірілгенін жоғарыда айттық. Мұның бәрі тарихи шындықты анықтау жолында әсіресе тарихшылар еңбегін ауырлата түсері де сөзсіз.

Басқаны былай қойғанда, ғылыми салмағы ауыр, тарихымыз үшін аса құнды және көшірушілері айтарлықтай сауатты болған Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашидиінің” Санкт-Петербургте және Ташкентте сақталған Қолжазбаларын өзара салыстырған өзбек ғалымдары олардың көшірілуі барысында түсіп қалған немесе толықтырылған көптеген сөз тіркестерін тапты емес пе?

Сондықтан кез келген тарихи қолжазба көшірмесі зерттеушілердің ыждағатты, жан-жақты толғауларын қажет етеді.

Әруақты сыйлау, оған құрмет көрсету — ежелден халқымыз қалыптастырған рухани дәстүр. Осы дәстүрді Қазыбек бек те сақтаған, өзінен бұрынғы бабалары Мұхаммед Хайдар Дулатиді, Әбунасыр әл-Фарабиді, Жүсіп Баласағұниді, Қожа Ахмет Яссауиді, Қадырғали Жалаирды ауызға алғанда, олардың еңбегі туралы пікір білдіргенде, оның үлкен имандылық танытқанын айта кеткеніміз жөн. Өз кезінде Қазыбек бекке байланысты біздің де осындай ұстанымды басшылыққа алғанымыз жөн деп ойлаймыз. Кезінде түпнұсқаны көшірушілер тарапынан кемшіліктер орын алған болса, оған, әрине, Қазыбек бектің қасиетті әруағы жауап беруге тиіс емес. Осыны естен шығармағанымыз жөн тәрізді, ағайын, құрметті зиялы қауым!

Осы қағиданы берік ұстанар болсақ, біздің қолымыздағы Қазыбек бек Тауасарұлының еңбегі салиқалы да байсалды талдауды қажет ететінін де мойындар едік.

Еңбекке тарихи-хронологиялық әдіспен талдау жасар болсақ, оның негізінен үш бөліктен тұратының аңғарамыз. Бірінші бөлігі — ежелгі және ерте орта ғасырлардағы қазақ тарихын шежірелік үлгіде баяндау; екінші бөлігі — Қазыбек бектің өзінің атасы Матай өмірге келген 978 (біздіңше 1500-жылдар) жылдан басталады да, Қазыбек бектің өзі туған 1070-мешін жылына (біздіңше 1692-жылға) дейін созылады. Бұл кезеңдегі тарихи оқиғаларды баяндауға Қазыбек бек атасы Матайдың жазбаларын пайдаланған. Қолымыздағы көшірмеден Қазыбек бектің мынадай сөздерін оқимыз: “Мен кітабыма сол атамның жазбаларын қолдандым. Ал атам Матай күнделікті оқиғаны болған-болғанындай етіп қана тіркеп отырған. Ол — қорытып жазбаған кісі...” (қараңыз: “Түп-тұқианнан өзіме шейін”, 191-б.).

Мұның өзі, біздің ойымызша, екінші кезеңнің деректік тұрғыдан сенімділігін нығайта түседі.

Еңбектің үшінші бөлігі — Қазыбек бектің өзі өмірге келген 1070-мешін жылынан басталып, Абылайдың хан ретінде таққа отыруына дейін келеді. Бұл кезең Қазыбек бектің өзінің өмір сүрген кезеңі болғандықтан, тарихи оқиғаларды атап көрсетуге және олардың мерзімін атауда тарихи шынайылық, әрине, үстем болуы тиіс. Алайда кез келген тарихи өмірбаян (мемуар) бұлтартпас шындықты дәлме-дәл көрсетеді десек, қатты қателесер едік. Өйткені өзінің тарихи өмірбаянын баяндап отыратын кез келген тарихи тұлға — кейде